

Жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 35/01 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 17-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Жаңа Мыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 2749,0000 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай 2028 жылдың 9 ақпанына дейін жария сервитут белгіленсін.

2. "Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Әбеуова

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 13 маусымдағы

№ 35/01 қаулысына
қосымша

№	Атауы	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, га	Оның ішінде	
			ауыл шаруашылығы алқаптары, жайылым га	Өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері га
1	Ауданның жер қоры	231,0000	231,0000	0,0000
2	Д.Абиннің "Алтынбек" шаруа қожалығының жерлері (09-102-014-103)	146,0000	146,0000	0,0000
3	А.Мейрамбекұлының "Кәрім" шаруа қожалығының жерлері (09-102-014-085)	138,0000	138,0000	0,0000
4	Сона елді мекені	2234,0000	2210,0000	24,0000
	Барлығы	2749,0000	2725,0000	24,0000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК